

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Саимова Рита Ургенчбаевнаның 6D060700 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлерсәйкестігі	Ресмирецензенттіңұстанымы
1	Диссертация тақырыбының(бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Диссертант Р.У. Саимованың «Оңтүстік–Шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дауының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс 8D051 – Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыттары бойынша дайындалған. Диссертация мемлекеттік бюджетінен қаржыландыратын ғылыми жобаға қатысы жоқ.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады. Зерттеу барысында алынған ғылыми-практикалық нәтижелері биология ғылымының

			дамуына қосқан үлес және жаңа жетістік ретінде бағалауға болады. Алғаш рет Оңтүстік – шығыс Қазақстанның агроландшафтарындағы барылдауық қоңыздардың түр құрамы зерттеліп, олардың популяциясының кең таралған түрлерінің маусымдық динамикасы анықталып, олардың қоршаған ортаға пайдалы және зиянды әсерлері зерттелген.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған	Р.У. Саимованың диссертациялық зерттеу жұмысы дербес орындалған, толық анықталған жұмыс болып табылады. Зерттеу жұмысындағы қойылған мақсат пен міндеттерін жүзеге асыру барысында алынған нәтижелердің ішкі бірлігі бар. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, берілген ақпараттар түсінікті, мағыналы.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Р.У. Саимованың зерттеуіне дейін Қазақстанның оңтүстік–шығысындағы агроландшафттардағы барылдауық қоңыздарға зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Сондықтан бұл бағытта жүргізілген зерттеу жұмыстары өзекті болып табылады. Сондықтан диссертация өзектілігі толығымен негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден, қосымшалардан тұрып, диссертация мазмұны зерттеу мәселесі мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Барлық міндеттер орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан;	Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың біртұтастық пен баяндау логикасы бар, барлық бөлімдері мен құрылымы қол жеткізген ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық,

		3) байланыс жоқ	бірізділікпен дұрыс байланысқан. Зерттеу барысында алынған нәтижелер зерттеушінің қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған өз зерттеу жұмысында энтомологиядағы жәндіктерді ұстауға ортақ әдістер пайдаланылды: қоңыздарды ұстауға арналған Барбер топырақ тұзағының экологиялық түрі, қоңыздардың тығылған жерінен және топырақ бетінен қолмен, энтомологиялық ору сүзгісін, түнде жасанды жарық көзінен де жинаған. Автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми негізде дәлелденіп, нақтыланған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Нәтижеге қол жеткізу үшін зерттеу мәселесіне қатысты биологиялық, зоологиялық, энтомологиялық ғылыми әдебиеттерге, диссертациялық жұмыстарға және ҚР ҒЖБМ бекіткен нормативті құжаттарға талдау жасалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Р.У. Саимованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеу жұмысының ғылыми ақпаратына мазмұнының сәйкестігімен, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімділігімен, тәжірибелік жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуымен толығымен жаңа болып саналады. Зерттеу жұмысында ұсынылған негізгі тұжырымдамалардың жаңалығы диссертация тақырыбымен, мақсат, міндеттерімен негізделеді. Нәтижесінде оңтүстік-шығыс Қазақстан агроландшафтарында барылдауық қоңыздардың 27 туысқа жататын 73 түрі анықталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыс барысындағы алынған тұжырымда, қолданылған тәжірибелік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдарында негізделген.

		2) жартылайжаңа жаңаболыптабылады); 3) жаңаемес жаңаболыптабылады) (25-75% кем)	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделген. Теориялық тұрғыдан және практикалық қолдану жағы қарастырылған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Қағидат диссертация жұмыста берілген бөлімдерде дәлелденген. Диссертант әр қағида бойынша болашақ биолог мамандардың биология саласындағы құзыреттілігін қалыптастырып арттыруға үлесін қосқаны дәлелденді.
		7.2 Тривиалдыма? 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ғылыми деректер тривиалды емес және ғылыми тұрғыдан дәлелденген.
		7.3 Жаңама? 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер толығымен жаңа болып табылады.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Мәліметтерді қолдану деңгейі кең және ауқымды.
		7.5 Мақалада дәлелденгенбе? 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмыстың нәтижелері ғылыми мақалаларда жарияланған.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы орынды негізделген. Зерттеу жұмысының барысында қандай әдістемелерді қолданғаны диссертацияның зерттеу әдістерінде толығымен келтірілген.
		8.2 Диссертация жұмысының	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік

		<p>нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының тұжырымдары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және басқа да ғылыми баслымдарда жарияланған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Жарияланған ғылыми мақалалар алыс-жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарға, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарға сілтеме жасау арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста 172 отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми әдебиеттері қолданылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар: оңтүстік – шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың түр құрамымен популяциясының құрылымын, кең таралған түрлерінің маусымдық динамикасын, тіршілік айналымдарындағы ерекшеліктерін,</p>

			практикалық маңызын анықтап, зиянкес түрлерімен күресу шараларын зерттеу маңызды болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: жұмыстың нәтижелері агроландшафтардың карабидофаунасының тізімі өңірдің омыртқасыздар каталогына енгізілген; оңтүстік – шығыс Қазақстандағы кең таралған егістіктердегі барылдауық қоңыздардың даму циклдерінің ерекшеліктері анықталып, зиянкес түрлерімен күресу жолдарын пайдалануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Оңтүстік – шығыс Қазақстандағы кең таралған егістіктердегі барылдауық қоңыздардың даму циклдерінің ерекшеліктері анықталып, зиянкес түрлерімен күресу жолдары ұсынылған; агроценоздарында барылдауық қоңыздардың даму кезеңдерінде дәнді дақылдардың зиянкестерімен күресу шаралары ұсынылып өндіріске енгізілген. Тәжірибелік шаруашылықтарда ұсынылған агротехникалық шаралар негізінде бидай егістіктерінде өнімділік 1 гектарда 2–2, 5 центнерге, жүгеріде 3,5–4 ц артқан. Жұмыстың нәтижелері оқу үрдісіне «Зоология», «Зоология практикумы» пәндері бойынша дәріс курсына және практикалық сабаққа, ЖОО-ның биология, зоология және экология пәндері бойынша оқу үрдісінде қолдану туралы енгізу акт берілген.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы – жоғары. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптармен сәйкес келеді. Сонымен қатар академиялық жазу ерекшеліктеріне сай, ғылыми стильді ұстанып, жүйелі құрылымды сақтаған.

Саимова Рита Ургенчбаевнаның диссертациялық жұмысының ғылымылығы және жаңалығымен қоса келесі ескертулер бар:

1. Қысқартулар мен белгілеулерде кейбір ұғымдардың анықтамасын ашып жазу керек.
2. Мәтінде орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседі.

Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Шешім: Р.У.Саимованың 6D060700/8D05101 – Биология мамандығы бойынша «Оңтүстік–Шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдары» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Саимова Рита Ургенчбаевнаның 6D060700 / 8D05101 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент,
ҚР ҒЖБМ ҒК «Зоология институты» ШЖҚ РМК,
Энтомология зертханасының жетекші ғылыми қызметкері,
биология ғылымдарының кандидаты



Есенбекова Перизат Абдыкаировна

